

АВТОКӨЛІК ТАСЫМАЛЫН ЖЕТІЛДІРУ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Қазақстан әлемге айқара ашық, өзінің барлық саладағы сыртқы байланыстарын белсенді және жүйелі дамытуға, халықаралық ұйымдар шеңберіндегі байланыстарын күшейтуге ұмтылуда. Еліміздің осылайша сыртқы саясатты нығайтуға ұмтылысы, ұлттық мүддені қорғау мен жүзеге асыруды қамтамасыз етуге, республика айналасында қауіпсіздік аймағын құруға, жақсы көршілес және ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуға, қабілетті, өзара пайдалы мемлекетаралық қатынастарды орнатуға бағытталғандығымен түсіндіріледі. Біздің мемлекетіміздің сыртқы саясатындағы бастысы – ұтымдылық, еліміздің ішкі дамуына қажетті мәселелер мен қажеттіліктерге дер кезінде көңіл бөлу.

Әлемнің дамыған елдері мен аймақтық мемлекеттер үшін көлік күре жолы, үздіксіз ағыммен энергетикалық шикізат пен басқа да жүктердің көп бөлігін тасымалдауға болатын, олардың өндірістік күш-қуаты қызметін қамтамасыз етуші ретінде үлкен мәнге ие.

Қазақстан үшін басым мәнге ие мәселелердің бірі – көлік жүйесін, ішкі және әлемдік нарыққа еркін кірігуін қамтамасыз ететін бағытта дамыту.

Қазіргі кезде пайда болған бәсекелестікті бір көлік түрінің екінші көлік түріне деген қарама-қарсылығы ретінде емес, көліктің дамуын ынталандырушы, көліктік қызмет көрсетудің құнын төмендету үшін тасымалдаудың жаңа прогрессивтік технологиясын іздеу және жеткізу жылдамдығын көтеретін құбылыс ретінде қарастыру қажет. Құнның төмендеуі және тасымалдау уақытының азаюы белгілі бір көлік түрін қолдану саласын кеңейтеді, яғни оның көлік қызметі нарығындағы маңыздылығын арттырады.

Көлік өндірістің саласы ретінде өз алдына жабдықтар мен хабарлама жолдарының жиынтығын, әртүрлі техникалық

құрылғылар мен ғимараттар қамтамасыз ететін қалыпты қызметті білдіреді. Көліктің қоғам өміріндегі экономикалық мән-мағынасы экономиканың барлық саласының жұмыс бағытын және байланысының дамуын қамтамасыз етуден тұрады. Көлік мемлекеттің бүтіндігіне, ресурстарды арттыру, төтенше жағдайларды жедел түрде шешуге ықпал етеді, бұл оның саяси мағынасын білдіреді.

Қазіргі уақытта көпшіліктің ойы нарықтық экономиканың ерекшеліктері мен нарыққа өтудің қажеттілігі туралы болып табылады. Соның ішінде нарықтың өзі сұраныс күшінің өзара әрекеті мен ауыстыру операцияларындағы ұсыныстар болып табылады. Алайда бұл жол аз ғана қарапайым келеді. Еркін бәсекелестік еркін нарықты құрайды, ал еркін нарық - тек қана еркін бағалар емес, сонымен қатар өз меншігін қолдану, басқару құқығы. Сондықтан да меншіктің әртүрлі формаларының еркін дамуы нарықтық қатынастардың мүлтіксіз шарты болып табылады. Нарықтық өндірістің қатысушылары серіктестік қатынастарға тікелей немесе делдалдық жүйе арқылы кіре алады. Сондықтан нарықтың әсерлі функционалдығы дамыған инфрақұрылымсыз, яғни тауар және қор биржаларысыз, коммерциялық банкерсіз, байланыс жүйесі мен ақпаратсыз мүмкін емес [1].

Қазіргі уақытта автокөліктік қызметтердің нарығы субъектілердің құрамы мен олардың жұмыс істеу механизмі бойынша үлкен өзгерістер басынан өткізіп жатыр:

- а) автокөліктік қызметтерді өндірушілер;
- б) автокөлік қызметтерін тұтынушылар;
- в) делдалдар.

Біздің Республикамызда өткізілетін экономикалық реформаның мақсаты экономиканы қазіргі заманға сай өркениетті қоғам деңгейіне дейін көтеру. Дамыған мемлекеттердің тәжірибесі мемлекеттің қарқынды түрде жәрдемдесуі кезінде экономикалық реформалар уақытында өндірістік, ғылыми-техникалық, білім беру әлеуетін жаңартуға, жұмыскерлердің қоғамдық-пайдалы еңбек нәтижелерін дамытуға, экономикалық және әлеуметтік тиімділіктің жоғары деңгейіне жетуге және тұрғындардың тұрмыс жағдайын жақсартуға оның мәдениетін көтеруге қызығушылықтары мен бастамашылдылықтарын

көтеруге мүмкіндік беретінін көрсетті. Өркениетті нарықтың артықшылықтарының бірі оның қозғаушы күші болып табылатын өндірушілер бәсекелесі екенін атап өту қажет. Себебі, нарықтағы бәсекелестік тартыс сатып алушы үшін, ал оны өндірістік ресурстардың және соңғы өнімдердің еркін меншік иелері (оның ішінде тұтынушылар тауарлары) алып жүреді, ол қоғамдық тұтыну деңгейіне сәйкес келмейтіннің барлығын, соның ішінде пайда әкелмейтін технологияларды, ескірген бұйымдарды, кәсіпорындарды, кәсіптер мен мамандықтарды сұрыптайды.

Тасымалдаудың жүк тасымал және жолаушыларға қызмет көрсетуші жүйесін қалыптастыру және қауіпсіздігі, тазалығы жағынан халықтың барлық талаптарына жауап беру қазіргі таңдағы көлік қызметін дамытудың стратегиялық мақсаты болып табылады. Бұл мақсаттың орындалуы үшін келесідей тапсырмалар іске асырылуы қажет:

- әртүрлі меншік түріндегі барлық көлік кәсіпорындарының өзара әрекет етуі және бәсекелестік негізінде көлік қызметтерінің нарығын қалыптастыру;

- қоғамдық көліктің қызметін көрсетуге, тасымалдың қауіпсіздігі мен үнемділігіне кепіл беретін көліктің дамуына заңнамалық-құқықтық және нормативтік базаны құру;

- көліктің техникалық қайта қарулануы мен тиімділігі жоғары көлік технологияларын енгізу;

- Қазақстанның жол-көліктік кешенін өзара тиімді жағдайларда әлемдік көлік жүйесіне интеграциялау.

Жоғарыда аталып өткен тапсырмалар жаңа экономиканың шарттарымен шешілу керек, олардың іске асырылуы нарықтық экономиканың шарттарындағы көлік басқарудың жаңа принциптерінен құрылуы керек. Бұл принциптер мынадай:

- Көлік – экономиканың дамуына әсер ететіндіктен мемлекетпен келешегі бар сала ретінде қарастырылатын экономикалық инфрақұрылымның маңызды салаларының бірі.

- Кәсіпорын саласында меншіктің барлық түрлерінің қалыптасуы мен дамуы үшін құқықтық кепілдемелер және шаруашылық еркіндігі дамуы мен қызметі үшін кәсіпорынның саласындағы барлық меншік формаларының тең шарттары;

- Көліктік салалар мен кәсіпорындарды мемлекеттік экономикалық реттеу. Тіке қатаң әкімшілдік, жоспарлы-өкімдік

экономика үшін тән қаржылық және материалдық ресурстарды мемлекеттік реттеу тиімді реттеу механизмдерімен ауыстырылады [2].

Автокөліктің мүмкіндіктерін толық пайдаланып республика аймағы бойынша жан-жақты тең дәрежеде дамуына, ашық бәсекелестікке жол ашу өндіруші күштердің ықпалын арттырып, өткізу нарығын кеңейтеді. Автокөлік тасымалын жетілдіру мен дамыту түптеп келгенде мемлекеттік мүдделі қажеттілік болып саналады. Өйткені, көлік өндірушілер мен тұтынушыларды өзара байланыстырушы экономикалық әрі саяси маңызды тетік. Сондықтан автокөлік тасымалын дамыту тұжырымдамасын келесі маңызды шаралармен бекітуге болады:

- республиканың барлық аймақтарын көлік тәуелсіздігімен қамтамасыз ету, яғни адамдардың жолаушы тасымалдаушы көлік қызметін ұсынушы бір ғана мекемеге немесе бір ғана көлік түріне тәуелді болмауы және көлік қызметінің қаржылық тұрғыдан қол жетімді және жеткілікті болуы;

- автокөлік нарығын сан және сапа тұрғысынан жетілдіру;

- әлемдік көлік жүйесіне интеграцияланып бірігудің негізгі шарттарының бірі ретінде республикадағы транзитті-көлік кешені автокөлік кешенінің тартымдылығын арттыру;

- тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бағасында көлік құрауышын барынша азайту;

- автокөлік қызметінде шағын және орта бизнес саласын кеңейту;

- автокөлік нарығының әлеуметтік маңызды сегменттерін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау [3].

Осы міндеттерді шешу үшін автокөлік саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидалары осы саланы жетілдіруге қатысты шаралар кешенін жүзеге асыруға негізделуі тиіс:

1. Техникалық тұрғыда:

- жол инфрокұрылымын дамыту және оңтайландыру;

- жылжымалы құрам паркін жаңалау және оның оңтайлы құрылымын жасау.

2. Ұйымдастыру бағытында:

- автокөлік қызметінің тиімді ортасын анықтау және оның қажетті бағыттағы дамуын ынталандыру;

- саланы ақпараттандыруға және соның негізінде автокөлікті пайдалануды жақсарту мен оның қоршаған ортаға жағымсыз әсерлерін барынша азайтуды қамтамасыз ететін тиімді телекоммуникациялық және көліктік логистикалық технологияларды енгізуді қолға алу.

3. Нормативтік құқықтық тұрғыда:

- халықаралық құқықтық талаптармен үйлестірілген, тасымал үрдісіне қатысушылардың барлығының өзара ортақ ұстанымдарын қанағаттандыратын және қазіргі көлік технологияларын қолдануды құқықтық негізде қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру;

- автожол саласын қаржыландырудың құқықтық механизімін жетілдіру;

- жеке инвестициялар тарту және жеке инфрақұрылым нысандарының (жолдар, терминалдар, сервистік нысандар) жұмыс істеуі үшін құқықтық негіз жасау;

- тасымал қызметінің жеке түрлерін лицензиялау және тасымалдардың қауіпсіздігі мен сапасын арттырудың негізгі шарттарының бірі ретінде автокөлік техникасы мен сервистік қызмет түрлерін сертификаттау жүйесін заңдастыру;

- автокөлік саласымен байланысты өзге де салалардың құқықтық байланысын қамтамасыз ету.

Әлемдік тәжірибеде дәлелденгендей көліктік торды дұрыс құрастыру арқылы мемлекет экономикалық тұрғыдан дамиды және адам өмірінің сапасына әсерін тигізеді. Қазақстан Республикасының қазіргі экономикалық кезеңінде ыңғайлы көліктік торды құрастыру басты артықшылығы болып табылады. Бұл мәселенің шешімі тек алдағы уақытта республиканың өндіріс күштерін дамыту ғана емес, қосымша мемлекеттік маңызы бар тапсырманы шешуін қажет етеді, яғни мемлекеттің экономикасының жүк көлемін азайту ол көліктік шығынның аз болуын білдіреді. Тауар шығарушыдан қолданысқа дейінгі жүк тасымалдаудың арақашықтығын азайту және қозғалыс жылдамдығын арттыру тасымалдауға жұмсалатын қаражаттың азаюына әкеледі, осының көмегімен зауыттың қоры оптимизацияланып тұрады.

Әдебиеттер:

1. Экономика автомобильного транспорта: Учебное пособие для студентов высш. учеб. заведений / А.Г. Будрин, Е.В. Будрина, М.Г. Григорян и др.; Под ред. Г.А. Кононовой. –М.: Издательский центр «Академия», 2005. – 320 с.

2. Экономика предприятий автомобильного транспорта: Учебное пособие / Б.Ю. Сербиновский, Н.Н. Фролов, Н.В. Напхоненко, Л.И. Колоскова, А.А. Напхоненко. – М.: Издательский центр «МарТ», 2006. – 496 с.

3. Экономика автотранспортного предприятия: Учебник/Бычков В.П. – М.: ИНФРА-М,2006. – 384 с.

*Асылбекова Г.Б.
дефектолог, г. Караганда*

ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ПОДХОДЫ К ПРЕПОДАВАНИЮ И ОБУЧЕНИЮ

На сегодня проблема инклюзивного образования актуальна во всем мире. В Казахстане это явление также не оставлено без внимания. Данная проблема требует к себе особого внимания, поскольку количество детей с врожденными и приобретенными пороками развития с каждым годом растет. Государство ставит задачи ранней диагностики отклонений в развитии у детей и ранней коррекции этих отклонений за счет компенсаторных функций организма. Система образования, в свою очередь должна по мере возможности включить данную категорию детей в процесс обучения в массовых детских садах, общеобразовательных школах, профессиональных лицеях и высших учебных заведениях.

Инклюзивное образование это практика общего образования, основанная на понимании, что дети с ограниченными возможностями в современном обществе могут быть вовлечены в социум. Данная практика ориентирована на формирование условий доступности образования для всех.

Инклюзивное образование старается разработать подход к преподаванию и обучению, который будет более гибким для